Мөлшерлеу берілісіндегі циклде 100 жұмыс айналымы үшін, сорғымен берілетін көлемі тікелей өлшенеді, *10.1.1 Тікелей калибрлеу* тарауын қар.
- **Бақылау калибрлеуі.**  
*10.1.2 Бақылау калибрлеуі* тарауын қар.








4-сур. Сорғының калибрлеу орындалымының алгоритмі

### 10.1.1 Тікелей калибрлеу

Калибрлеуге кірісер алдында мыналарға көз жеткізу керек:

- сорғы қабылдау клапанымен, инжектормен және т.б. жиынтығындағы жабдықтармен орнатылған;

- сорғы гидрожүйеде есептелген қысымға қарсылық болуы барысында жұмыс істейді (қажеттілігіне қарай қысымды қолдау клапанын орнату);
  - сорғы сәйкес биіктігі барысында жұмыс істейді.
- Тікелей калибрлеу барысында келесі операциялар қатарын орындайды.

Операция кезектілігі	Сорғы дисплейіндегі индикация
1. Мөлшерлеу бастиегі мен сорып алатын құбыршекті толтыру.	
2. Сорғыны ажырату. Жасыл түсті сигнал беру жарықдиоды жыпылықтай бастайды.	
3. Сәйкес көлемдегі өлшеу цилиндрінің мөлшерлеу сұйықтығымен ( $Q_1$ ) толтыру: DME 60: шамамен 1,5 л DME 150: шамамен 2,5 л DME 375: шамамен 6 л DME 940: шамамен 14 л	
4. $Q_1$ көлемін анықтау және деректерді жазу	
5. Сорып алатын құбыр шегін өлшеу цилиндріне қою. 	
6. Калибрлеу мәзіріне өту, сонымен қатар <i>11.5 Мәзір</i> тарауын қар.	
7.  түймесін екі рет басу.	
8. Сорғы мөлшерлеу берілісінің циклінде 100 жұмыс айналымын орындайды.	
9. Дисплейде дайындаушы зауытта калибрлеу барысында алынған мәні көрінеді.	
10. Өлшеу цилиндрінен сорып алатын құбыршекті суырып алу және қалған $Q_2$ көлемін анықтау. 	
11. $Q_d = Q_1 - Q_2$ мәндерін дисплейдегі терезеден орнату.	
12. Растау үшін  түймесін басу.	
13. Енді сорғы калибрленді және дисплей қайтадан жұмыс индикациясының режиміне ауысады.	

TM02.8947.1104






### 10.1.2 Бақылаулы калибрлеу

Калибрлеудің бұндай әдісінде калибрлеу мәнінің есептелуі белгілі бір уақыт аралығындағы химикаттардың шығыны туралы деректер бойынша және осы уақыт кезеңіндегі мөлшерлеп беру цикліндегі қадамдар саны бойынша жүзеге асырылады.

Калибрлеудің бұл әдісі өте дәл және ұзақ мерзімді пайдаланудан кейін бақылаулы калибрлеу жасау үшін немесе сорғының тікелей калибрлеуін орындау мүмкін болмаған жағдайда өте жарамды. Қажет болған жағдайда калибрлеу сұйыққоймадағы химикаттарды айырбастаумен немесе толтырумен үйлесуі мүмкін.


Бақылаулы калибрлеу мынандай кезектілікпен орындалады:

1. Сорғы  түймесін басу арқылы ажыратылады.
2. Сорғының есептегішінің көрсеткіштері есептеледі және мөлшерлеп беру цикліндегі жұмыс қадамдарының саны жазылып алынады, *11.9 Есептегіштер* тарауын қараңыз.
3. Сұйыққоймадағы химикаттардың көлемі анықталады және солайша жазылып алынады.
4. Сорғы  түймесін басу арқылы іске қосылады және оған 1 сағат уақыт шамасында жұмыс істетеді. Сорғы неғұрлым ұзақ жұмыс істеген сайын, калибрлеу соғұрлым дәл орындалатын болады.
5. Сорғы  түймесін басу арқылы ажыратылады.
6. Сорғының есептегішінің көрсеткіштері есептеледі және мөлшерлеп беру цикліндегі жұмыс қадамдарының саны жазылып алынады, *11.9 Есептегіштер* тарауын қараңыз.
7. Сұйық қоймадағы химикаттардың көлемі анықталады және солайша жазылып алынады.
8. Мөлшерленген көлем мл есептеледі және пайдалану кезеңінде орындалған мөлшерлеп беру циклінің жұмыс қадамдарының саны есептеледі.
9. Калибрлеу мәні есептеу жолымен анықталады:  
(Миллилитрдегі мөлшерленген көлем/  
Мөлшерлеп беру цикліндегі қадамдар саны) x 100.
10. Есептеліп шығарылған мәнді калибрлеу мәзіріне енгізіңіз.

## 11. Пайдалану

Пайдаланудың талаптары 14. *Техникалық сипаттамалар* тарауында келтірілген.

### 11.1 Пернетақтасы бар басқару пультінің функциялары



5-сур. DME (B) сорғысы, алдыңғы жақтан көрініс

#### Сорғыны лайықты түрде қолданбау

Егер сорғы 6. *Пайдалану аясы* тарауына сәйкес қолданылатын болса, тек сонда ғана оның пайдалану қауіпсіздігі кепілденеді.



**Ескертпе**  
**Атаулы сорғының жарылыс қауіпті жағдайларда жұмыс істеуіне жол берілмейді!**



**Ескертпе**  
**Сорғыларды лайықты түрде пайдаланбау және олардың сәйкес келмейтін жұмыс жағдайларында және ортада жұмыс істеуі заңға қайшы болып саналады және рұқсат етілмейді. Лайықты түрде пайдаланбаудың салдарынан болған кез-келген зақымданулар үшін Grundfos компаниясы жауапкершілік көтермейді.**



## 11.2 Сорғыны қосу/ажырату

Сорғы өзіндегі басқару панелінің көмегімен қосылып/ажыратыла алады.

**Желілік кернеуді жиі ағыту, мысалы релелердің көмегімен, электронды құрылғының зақымдануына және сорғының бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін. Бұдан басқа, ішкі іске қосулардың салдарынан мөлшерлеудің дәлдігі төмендейді. Мөлшерлеу кезінде сорғыны желілік кернеудің көмегімен реттеуге болмайды.**


Назар аударыңыз

Сорғының соруы кезінде немесе оның ішінен ауаны шығару кезінде сорғыны қысымға қарсылықсыз жұмыс істету немесе ауаны шығару клапанын ашу ұсынылады.

**Егер  және  түймелері бір уақытта басылатын болса, сорғы бірнеше секунд бойы мейлінше жоғары өндірімділікпен жұмыс істейтін режимге қосылады. Дисплейден сорғының осы режимнен шығуына дейінгі қалған уақыт көрінетін болады. Мейлінше жоғары үзіліс 300 секундты құрайды.**

Нұсқау

## 11.3 Сорғыны толтыру/сорғыдан ауаны шығару режимі


Сорғының басқару пультінің пернетақтасында  түймесі бар. Бұл түйме сорғыны қысқа мерзімге мейлінше жоғары өндірімділікпен жұмыс істеу режиміне ауыстыру керек болған жағдайда қолданылады, мысалы алғашқы іске қосқан кезде. Бұл түймені жіберген кезде, сорғы автоматты түрде қайтадан қарқындалатын режимді қосқанға дейінгі жұмыс істеген пайдалану режиміне қайта ауысады.

## 11.4 Сигнализация жүйесінің жарық диодтары

Сорғы жұмысты және авариялық сигнализациясының жасыл және қызыл түсті жарық диодтарымен жабдықталған. Сигнализация жүйесінің жарықдиодтарының функциялары төмендегі кестеде көрсетілген:


Күйі	Жасыл жарықдиод	Қызыл жарықдиод	Дисплей
Сорғы жұмыс істейді	Жанады	Жанбайды	Стандартты индикация
Сорғы өшірілді	Жыпылықтайды	Жанбайды	Стандартты индикация
Сорғы түзелді	Жанбайды	Жанады	EEPROM
Қорек кернеуінің берілімі жоқ	Жанбайды	Жанбайды	Жанбайды
Қызып кету	Жанбайды	Жанады	МАКС.Т-РА.
«Байланыс» ішкі қатесі	Жанбайды	Жанады	ВНУТ. КОМ.
«Холлдың датчигі» 1 ішкі қатесі <sup>1</sup>	Жанбайды	Жанады	HALL
М.ж. қысымның өсуі <sup>2</sup>	Жанбайды <sup>3</sup>	Жанады	ПЕРЕГРУЗ
Қозғалтқыш айналмайды <sup>1</sup>	Жанбайды	Жанады	ORIGO

<sup>1</sup> Grundfos сервистік орталығымен байланысыңыз.


<sup>2</sup> Ақаулықтарды жойғаннан кейін,  авариялық сигналдарды қайтаруға болады.

<sup>3</sup> Сорғы ағытылмас бұрын, жұмысты жаңғырту үшін 10 талпыныс жасайды.


### 11.5 Мәзір

Сорғының қолданушыға ыңғайлы,  түймесін басып шақырылатын мәзірі бар. Барлық мәтіндік ақпарат орыс тілінде дисплейдің экранына шығарылады. Бірақ пайдалануға бірінші рет іске қосқан кезде ақпарат ағылшын тілінде шығарылады. Тілді таңдау үшін *11.12 Тілді таңдау* тарауын қараңыз.


Мәзірдің әрбір терезесінің тағайындалуы төменде сипатталады. Егер мәзірдің терезесінде ✓ символ пайда болатын болса, онда нақты осы функция активтендірілген. Егер мәзірдің кез-келген терезесінде «ВОЗВРАТ» таңдалса, сорғы автоматты түрде қандай да бір өзгеріссіз дисплейдің экранында жұмыс индикациясына қайта оралады.



6-сур. Сорғының мәзірінің сызбасы



11.6 тарауын қараңыз



11.7 тарауын қараңыз




10.1 тарауын қараңыз




11.9 тарауын қараңыз




11.15 тарауын қараңыз




11.10 тарауын қараңыз



11.11 тарауын қараңыз



11.12 тарауын қараңыз



11.8 тарауын қараңыз



11.13 тарауын қараңыз



11.14 тарауын қараңыз

### 11.6 Қолмен басқару режимі

Қолмен басқару режимі сыртқы сигналдарға тәуелсіз, мөлшерлеудің мейлінше жоғары болуы мүмкін тұрақтылығын және бірқалыптылығын қамтамасыз етеді.

Мөлшерленетін көлем л/сағ немесе мл/сағ орнатылуы тиіс (7-сур. қар.). Өлшем бірліктерінің ауыстырылуы сорғымен автоматты түрде жүргізіледі.


Баптау диапазоны:

DME 60: 75 мл/сағ - 60 л/сағ

DME 150: 200 мл/сағ - 150 л/сағ

DME 375: 500 мл/сағ - 375 л/сағ

DME 940: 1200 мл/сағ - 940 л/сағ



7-сур. Сорғы өндірімділігін орнату алгоритмі

### 11.7 Антикавитациялық режимі


Сорғының антикавитациялық функциясы бар.

Бұл функцияны таңдау кезінде сорғы сорып алуды жақсарту үшін сорып алу жылдамдығын дәлдеп отырады.

антикавитациялық режимі келесі жағдайларды қолданылуы мүмкін:

- кілегейлігі жоғары ортаны беру кезінде,
- егер сорып алу құбыр желісінің ұзындығы үлкен болса,
- сорып алу биіктігі үлкен болған кезде.

Айдалатын сұйықтықтың параметрлеріне байланысты, сорып алу жылдамдығы мейлінше жоғары сорып алу жылдамдығынан 75 %, 50 % немесе 25 % азайуы мүмкін (8-сур. қар.). Сорғының мейлінше жоғары өндірімділігі «антикавитация» режимін таңдау кезінде азаяды. 14.1 Механикалық бөлігінің техникалық деректері тарауын қараңыз.




8-сур. «Кавитацияға қарсы» режимін орнату алгоритмі


### 11.8 Өндірілдіктің шектелуі

Бұл функция сорғының мейілінше жоғары өндірілділігіне «МАКС. МОЩ.» шектеу қоюға мүмкіндік береді (9-сур. қар.).

Сонымен қатар ол сорғы әдетте мейілінше жоғары өндірілділікте жұмыс істейтін функцияларға да әсерін тигізеді.

Пайдаланудың қалыпты жағдайларында сорғы берілген мәннен артатын өндірілділікпен жұмыс істей алмайды.

Бірақ бұл мейілінше жоғары өндірілділік түймесінің  функциясына таратылмайды, 11.3 Сорғының сорып алу режимі/сорғыдан ауаны шығару тарауын қараңыз.




9-сур. Сорғының мейілінше жоғары өндірілділігін шектеуді орнату алгоритмі

### 11.9 Есептегіш

Сорғының басқару пультінің дисплей экранында нөлге қайтаруға мүмкін болмайтын мәндер кескінделуі мүмкін (10-сур. қар.):

- «КОЛ-ВО» (мөлшерленген). Литрдегі немесе галлондағы сұйықтықтың жиынтық саны.
- «ТАКТЫ» (айналым саны). Мөдшерлі беріліс цикліндегі айналым санының жиынтық саны.
- «ЧАСЫ» (пайдаланудың мото-сағаты). Пайдаланудың мото-сағатының саны.
- «РАБОТА» (желіні қосу) Желіні қосулардың саны.



10-сур. «СЧЕТЧИКИ» көрсеткіштерін алу алгоритмі

### 11.10 Зауыттық орнатылымдарына қайтару

Егер мәзірдің терезесінде «ПО УМОЛЧ» таңдайтын болса, сорғы пайдалану режимінің зауыттық орнату мәндеріне қайта оралады (11-сур. қар.).


*Сондай-ақ калибрлеу нәтижелері де қайтарылатын болады және сорғы зауыттық калибрлеулеріне қайта оралады.*

*Сондықтан егер «ПО УМОЛЧ» функциясы енгізілген болса, сорғыға жаңа калибрлеу қажет болады.*

«По умолчанию» мәні, бұл дайындаушы зауытта орнатылған барлық параметрлердің мәндері. Басқару мәзірінің «НАСТР-КА.» тармағында «ПО УМОЛЧ» функциясын таңдаңыз.


### «По умолчанию» орнату:

Жұмыс режимі:	Қолмен
Өндірімділік:	Мейілінше жоғары өндірімділік
Пернетақтаны блоктау:	Блоктан шығарылған
Қалып бойынша пернетақтаның блокнан шығару коды:	2583
Антиквитация:	Ажыратылған
Шектелген өндірілімділіктер:	М.ж. өндірімділік
Сорғыны қайтадан іске қосу үшін, авария сигналын қайтару керек.	
Тіл:	Ағылшын
Өлшеу жүйесі:	Метрлік



11-сур. Зауыттық орнатылымға қайту алгоритмі

### 11.11 «ВОЗВРАТ» функциясы




12-сур. Сорғы мәзіріндегі «ВОЗВРАТ» функциясының индикациялануы

«ВОЗВРАТ» функциясы Сіз мәзірдің қандай да бір функцияларымен пайдаланғаннан кейін, мәзірдің кез-келген деңгейінен өзгеріссіз режимнің бастапқы индикациясына қайтып оралуға мүмкіндік береді.

### 11.12 Тілді таңдау

Мәтін келесі тілдерде дисплей экранына шығуы мүмкін:

- Неміс,
- Ағылшын,
- Француз,
- Италиян,
- Испан,
- Португалия,
- Голландия,
- Швед,
- Фин,
- Дат,
- Чех,
- Словакия,
- Польша,
- Орыс.



13-сур. Тіл таңдау алгоритмі

### 11.13 Авариялық сигнал

Сыйымды ыдысты сұйықтықпен толтырғаннан кейін, «авария» сигналы автоматты түрде қайтарылады (АВТ. РЕЗ функциясы) немесе қолмен қайтарылады (РУЧН. РЕЗ функциясы).



**11.14 Өлшем бірліктері**


Өлшеудің метрикалық бірліктерін (литр/миллилитр) немесе АҚШ өлшем бірліктерін орнатуға болады (галлондар) (14-сур. қар.).

**Метрикалық өлшем бірліктері:**

- Мөлшерлеу көлемін сағатына литрмен (л/с) немесе сағатына миллилитрмен (мл/с) енгізу.
- **Калибрлеу:** мөлшерлеу көлемін 100 айналымға миллилитрмен енгізу.
- Мөлшерлеудің жалпы көлемі «СЧЕТЧИКИ» мәзіріндегі «КОЛ-ВО» (саны) тармағында литрлермен көрсетілген.

**АҚШ өлшем бірліктері:**

- Мөлшерлеу көлемін сағатына галлондармен енгізу (гл/с).
- **Калибрлеу:** мөлшерлеу көлемін 100 айналымға миллилитрмен енгізу.
- Мөлшерлеудің жалпы көлемі «СЧЕТЧИКИ» мәзіріндегі «КОЛ-ВО» (саны) тармағында галлондармен көрсетілген.



14-сур. Таңдау мен өлшем бірлігін орнату алгоритмі

### 11.15 Басқару пультінің пернетақтасын блоктау

Басқару пультінің пернетақтасы блокталып қалуы мүмкін. Пернетақтаны блоктау функциясының екі орнатылымы бар: «ВКЛ» немесе «ВЫКЛ».

Қалып бойынша орнатылым: «ВЫКЛ».

«ВКЛ» және «ВЫКЛ» арасында қайта қосу үшін PIN код қажет болады. Егер «ВКЛ» орнатылымы бірінші рет таңдалған болса, дисплейде « \_ \_ \_ \_ » индикациясы пайда болады. Егер код бұрын енгізілген болса, «ВКЛ» орнатылымына ауысар кезде осы кодтың индикациясы шығады. Онда бұл кодты қайтадан енгізу керек немесе оны өзгерту керек.

Егер код енгізілген болса, активтендірілген өрістер жыпылықтай бастайды.

Егер пернетақта блокталған кезде, онымен жұмыс істеуге әрекет жасалатын болса, онда 2 секунд ішінде дисплейде «ЗАБЛОК» жазуы көрінеді, ал содан кейін « \_ \_ \_ \_ » индикациясы пайда болады.


Енді кодты енгізу қажет. Егер 10 секунд ішінде код енгізілмесе, дисплей қандайда бір өзгеріссіз жұмыс режимінің индикациясына қайтарылады.

Қате кодты енгізген кезде 2 секундтың ішінде дисплейде «ЗАБЛОК» жазуы көрінеді, ал содан кейін « \_ \_ \_ \_ » индикациясы пайда болады.

Енді жаңа кодты енгізу керек. Егер 10 секундтың ішінде код енгізілмейтін болса, дисплей қандай да бір өзгеріссіз жұмыс режимінің индикациясына қайтарылады. Бұл индикация сонымен қатар, егер дұрыс кодты енгізу 2 минуттан артық жалғастырылған жағдайда пайда болады.


Егер блоктау функциясы қосылған болып, ал басқару пультінің пернетақтасы блокталудан шығарылған болса, онда егер 2 минуттың ішінде бірде-бір түйме басылмайтын болса, пернетақтаны блоктау автоматты түрде жүргізіледі.


Блоктау функциясы сонымен қатар «ВКЛ» жолымен «БЛОКИР» мәзірін қоса алады.

Дисплей экранында ертеректе енгізілген код көрінеді. Мұндай кодты енгізу үшін,  түймесін төрт рет басу керек. Кодты сонымен қатар өзгертуге болады.

Пернетақтаны не енгізілген кодты шақырумен, немесе 2583 зауыттық кодының көмегімен блокталудан босату.







Пернетақтаны блоктау барысында келесі түймелер мен кірулерді атқарымдауға болады:

- Толтыру түймесі ,
- Іске қосу/өшіру түймесі







15-сур. Пернетақта блоктауының іске қосу/өшіру алгоритмі

### Блоктау функциясын қосу және пернетақтаны блоктау (15-сур. қар.):

1. Мәзірден «БЛОКИР.» таңдау.
2.  және  түймелерінің көмегімен «ВКЛ» енгізу және енгізуді  түймесін басумен растау.
3. Кодты енгізу немесе , , және  түймелерінің көмегімен жаңа код орнату.




Енді пернетақтаны блоктау функциясы қосұлы, ал пернетақтаның өзі блоктаулы.

### Басқару пультінің пернетақтасын блокталудан шығару (қосұлы блоктау функциясы сақталған кезде):

1. Бір рет  түймесін басу керек. Дисплейде 2 секунд ішінде «ЗАБЛОК» жазуы көрінетін болады, содан кейін « \_ \_ \_ \_ » индикациясы пайда болады.
2. , , және \* түймелерінің көмегімен кодты енгізу керек.

Енді басқару пультінің пернетақтасы блокталудан шығарылды және, егер 2 минут ішінде бірде - бір түйме басылмайтын болса, қайтадан автоматты түрде блокталады.

### Пернетақтаны блоктау функциясын ағыту:

1. Жоғарыда көрсетілгендей қылып басқару пультінің пернетақтасын блокталудан шығару керек.
2. Мәзірден «БЛОКИР.» таңдаңыз.
3.  және  түймелерінің көмегімен «ВЫКЛ» енгізу және енгізуді  түймесін басумен растау.

Енді блоктау функциясы ағытылды және басқару пультінің пернетақтасы блокталудан шығарылды.

\* Пернетақтаны уақыттың кез келген сәтінде 2583 зауыттық кодтың көмегімен блокталудан шығаруға болады.

## 12. Техникалық қызмет көрсету

Қызметтің ұзақ мерзімділігін және мөлшерлеудің дәлдігін қамтамасыз ету үшін, мембрана және клапан сияқты тозатын тетіктердің тозғандығын жоғі тексеріп тұру керек. Қажет болған жағдайда тозған тетіктерді тиісті материалдардан орындалған фирмалық қосалқы тетіктермен айырбастаңыз.

Барлық сурақтар бойынша Grundfos Сервистік орталығына жүгініңіз.

## 12.1 Жүйелік техникалық қызмет көрсету

Кезектілігі	Тапсырма
	<p>Дренажды штуцерден сұйықтықтың жылыстамауын, оның блоктанбағанын немесе бітелмегенін тексеріңіз (2-сур.).</p> <p>Егер бұл солай болса, <b>15.1 Мембрананың зақымдануы</b> тарауында берілген нұсқаулықты басшылыққа алыңыз.</p> <p>Мөлшерлеу бастиегінен немесе клапандардан сұйықтық ақпайтындығын тексеріңіз.</p> <p>Қажет болған жағдайда мөлшерлеу бастиегінің бұрандаларын динамометрикалық кілтпен 5,5 НМ (+0,5/-0 Нм) сәтiмен айқыш-ұйқыш қатайтып тартыңыз.</p> <p>Қажет болған жағдайда клапандарды және бұрандаларды қатайтып тартыңыз немесе техникалық қызмет көрсету жүргізіңіз (<b>12.3 Техникалық қызмет көрсетуді орындауды</b> қар.).</p>
Күн сайын	<p>Қажет болған жағдайда мөлшерлеу бастиегінің бұрандаларын динамометрикалық кілтпен 5,5 НМ (+0,5/-0 Нм) сәтiмен айқыш-ұйқыш қатайтып тартыңыз.</p>
Апта сайын	<p>Құрғақ таза шүберекпен сорғының барлық бетін сүртіңіз.</p> <p>Мөлшерлеу бастиегінің бұрандаларын тексеріңіз.</p> <p>Қажет болған жағдайда мөлшерлеу бастиегінің бұрандаларын динамометрикалық кілтпен 5,5 НМ (+0,5/-0 Нм) сәтiмен айқыш-ұйқыш қатайтып тартыңыз. Зақымданған бұрандаларды дереу айырбастаңыз.</p>
3 ай сайын	
Пайдаланудың әр 2 жылы немесе 8000 сағаты	<p>Мембрана мен клапандарды ауыстырыңыз (<b>12.3 Техникалық қызмет көрсетуді орындаңыз</b> қар.)</p>

### Тетіктердің тез тозуын

**Назар аударыңыз** болдыратын ортаны пайдалану кезінде техникалық қызмет көрсету арасындағы үзіліс қысқа болуы тиіс.

## 12.2 Бетін тазалау

Құрғақ таза шүберекпен сорғының барлық бетін қажеттілігіне қарай сүртіңіз.

## 12.3 Техникалық қызмет көрсетуді орындау

Техникалық қызмет көрсету үшін, тек Grundfos компаниясымен өндірілген қосалқы бөлшектер және керек-жарақтар қолданылуы тиіс.

Басқа өндірушілердің қосалқы бөлшектері мен керек-жарақтарын қолданған кезде, болуы мүмкін залал үшін қандайда бір жауапкершілік заңдық күшін жоғалтады.

Техникалық қызмет көрсетуді орындау туралы қосымша ақпаратты біздің үй тарауындағы сервистік жиынтықтар каталогынан табуға болады ([www.grundfos.com](http://www.grundfos.com)).

### Ескертпе

**Химиялық күйік алу қауіпі!**

**Қауіпті орталарды айдау кезінде қауіпсіздік төлқұжаттарының тиісті нұсқауларын сақтаған жөн.**

**Мөлшерлеу бастиегімен, жалғанулармен немесе құбырлық желілермен жұмыс істеу үшін, қорғаныш киімін кию керек (қолғап және көзілдірік)!**

**Химиялық препараттардың сорғыдан ағуына жол бермеңіз.**


**Барлық химикаттарды жинап алып, лайықты түрде кедеге жарату керек!**

**Сорғымен жұмыс істеуді бастар алдында сорғының қорегін ажыратып тастаған жөн. Жүйе қысымы астында болмауы тиіс!**



Назар аударыңыз!

### 12.3.1 Мөлшерлеу бастиегі



TM06 0018 4713

16-сур. Мөлшерлеу бастиегін бөлшектеу (деаэрациялық клапансыз)

1	Сақтандырғыш мембрана
2	Ернемек
3	Мембрана
4	Айдау жағындағы клапан
5	Мөлшерлеу бастиегі
6	Сорып алу жағындағы клапан
7	Бұрандалар
8	Мөлшерлеу бастиегінің алдыңғы пластинасы (тек ПП, ПВДФ үшін)
9	Дренажды штуцер

### 12.3.2 Мембрананы және клапандарды бұзу

#### Ескертпе

**Мөлшерленетін сұйықтықтың сорғы корпусына түскен жағдайдағы жарылыс қауіпі!**



**Егер мембрана зақымданған болуы мүмкін болса, сорғыны қорек көзіне қоспаңыз! Әріқарай 15.1 Мембрананың зақымдануы тарауындағы нұсқаулар бойынша әрекет жасаңыз!**

Бұл тарау 16-сур. жатады

1. Жүйедегі қысымды басыңыз.
2. Техникалық қызмет көрсетуді бастар алдында мөлшерлеу бастиегін босатыңыз және қажет болған жағдайда оны жуып шайыңыз.
3. Сыртқа ағып жатқан сұйықтықты қауіпсіз жинау үшін тиісті шаралар қолданыңыз.
4. Сорып алатын және тегеурінді желіні, сонымен қатар деаэрациялық құбыршекті ағытып алыңыз.
5. Деаэрациялық клапанды бұрап ағытыңыз.
6. Сорып алу және айдау желілеріндегі клапандарды ағытып алыңыз (4,6).
7. Мөлшерлеу бастиегіндегі бұрандалардың (7) тартылуын босатыңыз (5).
8. Мөлшерлеу бастиегі ПП немесе ПВДФ жасалған алдыңғы пластиналы орындалымда болған жағдайда бұрандаларды ағытыңыз (8).
9. Мөлшерлеу бастиегін ағытып алыңыз (5).
10. Мембрананы сағат тіліне қарсы бұрап ағытып алыңыз.
11. Дренажды штуцердің блокталмағанына (9) және оның бітелмегеніне көз жеткізіңіз. Қажет болған жағдайда тазарту жүргізіңіз.
12. Сақтандырғыш мембрананың зақымданғандығын және тозғандығын тексеріңіз.

Мөлшерленетін сұйықтықтың сорғы корпусына түсуі белгілері болмаған кезде және сақтандырғыш мембрананың зақымданған немесе тозған белгілері болмаған кезде **12.3.3 Мембрананы және клапандарды қайталап құрастыру** тарауындағы нұсқаулар бойынша әрекет етіңіз. Олай болмаған жағдайда **15.1.1 Сорғы корпусындағы мөлшерленетін сұйықтық** тарауындағы нұсқаулар бойынша әрекет жасаңыз.

### 12.3.3 Мембрананы және клапандарды қайтадан құрастыру

**Сонымен қатар 8. Механикалық бөлiгiн құрастыру, 11.3 Сорғының сорып алу режимi/сорғыдан ауаны шығару және 6. Пайдалануға енгiзу тарауларындағы нұсқауларды басшылыққа алыңыз.**

Назар  
аударыңыз

Сорғыны қайтадан құрастыруға тек сорғының корпусына мөлшерленетiн сұйықтықтың түскен белгiлерi болмаған жағдайда ғана рұқсат етiледi. Олай болмаған жағдайда 15.1.1 Сорғы корпусындағы мөлшерленетiн сұйықтық тарауындағы нұсқаулар бойынша әрекет жасаңыз. Бұл тарау 16-сур. жатады.

1. Жаңа мембрананы (3) сағат тiлi бойынша бұраңыз.
2. Мөлшерлеу бастиегiн бекiтiңiз (5).
3. Мөлшерлеу бастиегi ПП немесе ПВХ жасалған алдыңғы пластиналы орындалымда болған жағдайда бұрандаларды орнатыңыз (7) және оларды динамометрикалық кiлтпен айқыш-ұйқыш тартыңыз.  
– Тарту сәтi: 5,5 Нм (+0,5/-0 Нм).
4. Жаңа клапандарды орнатыңыз (4, 6).  
– Ағыс бағытын сақтаңыз (клапанда нұсқармен көрсетiлген)!
5. Деаэрационды клапан орнатыңыз.
6. Сорып алушы және тегеурiндi желiлердi, сонымен қатар деаэрационды құбыршектi жалғаңыз.

**Пайдалануға енгiзер алдында және 2-5 сағат пайдаланғаннан соң, 5,5 Нм сәтiмен (+0,5/-0 Нм) динамометрикалық кiлтпен мөлшерлеу бастиегiн айқыш-ұйқыш тартыңыз.**

Назар  
аударыңыз

7. Мөлшерлеу сорғысындағы ауаны жойыңыз, (11.3 Сорғыны толтыру/сорғыдан ауаны жою режимi тарауын қар.)

### 12.3.4 Ластанған сорғылар

**Егер сорғы денсаулыққа қауiптi немесе улы сұйықтықтарды айдау үшін қолданылса, бұл сорғы ластанған ретiнде қарастырылады.**

Назар  
аударыңыз

Сорғыны Grundfos Сервистiк орталығына диагностика немесе жөндеудi жiбермес үшін, өкiлеттенген персонал оны мұқият жуып шаюы керек, сорғының қауiпсiздiгi туралы Декларацияны толтырып (2-қосымшаны қар.), оны сорғының орамасының көрiнетiн жерiне бекiтiп қоюы керек.

Егер сорғыны жуып шаю мүмкiн болмаса, онда қауiпсiздiк Декларациясына айдалатын сұйықтық туралы барлық ақпаратты ұсыну керек.

Егер жоғарыда көрсетiлген талаптар орындалмаған болса, Grundfos сервистiк орталығы сорғыны қабылдаудан бас тартуы мүмкiн.

Сорғыны фирмаға қайтарумен байланысты болуы мүмкiн шығындарды жөнелтушi көтередi.

## 13. Пайдаланудан шығару

### 13.1 Сорғыны тоқтату

**Ескертпе**

**Химиялық күйiк алу қауiпi!**

**Мөлшерлеу бастиегiмен, жалғаулармен немесе желiлермен жұмыс iстеу кезiнде жеке қорғаныш құралдарын қолданыңыз (қолқап және көзiлдiрiк)!**

**Химиялық препараттардың сорғыдан ағуына жол бермеңiз. Барлық химикаттарды жинап алып лайықты түрде кәдеге жарату керек!**

**Егер мүмкiндiк болса, сорғыны ағытар алдында мөлшерлеу бастиегiн жуып шайыңыз, яғни оған су жiберiңiз.**



Нұсқау

### 13.2 Ажырату/бөлшектеу

1. Сорғыны ажыратыңыз және оны қорегiнен ағытыңыз.
2. Жүйедегi қысымды түсiрiңiз.
3. Құйып алатын мөлшерлеу ортаны қауiпсiз жинауға арналған сәйкес шараларды қабылдаңыз.
4. Барлық желiнi абайлап шешiңiз.
5. Сорғыны бөлшектеңiз.

### 13.3 Жабдықты жуып шаю

1. Мына ортамен түйiсуде болған барлық бөлшектердi мұқиятты түрде шайыңыз:
  - желiлердi;
  - клапандарды;
  - мөлшерлеу бастиегiн;
  - мембрананы.
2. Сорғы корпусынан химиялық реагенттiң кез-келген iздерiн жойыңыз.

**14. Техникалық сипаттамалар****14.1 Механикалық бөлшектердің техникалық деректері**

	DME 60	DME 150	DME 375	DME 940
М.ж. берілім* <sup>1</sup> [л/ч]	60	150	376	940
Кавитацияға қарсылық режиміндегі м.ж. берілім 75 %* <sup>1</sup> [л/сағ]	45	112	282	705
Кавитацияға қарсылық режиміндегі м.ж. берілім 50 %* <sup>1</sup> [л/сағ]	33,4	83,5	210	525
Кавитацияға қарсылық режиміндегі м.ж. берілім 25 %* <sup>1</sup> [л/сағ]	16,1	40,4	101	252
М.ж. қысым [бар]	10	4	10	4
Минуттағы жүрістердің м.ж. жиілігі [жүр/мин]	160			
Пайдалану кезіндегі м.ж. сорып алу биіктігі [м]	6			
Сорып алу процессінде клапандардың дымқылдануы кезіндегі м.ж. сорып алу биіктігі [м]	1,5			
Пружиналанған клапандардың бар кезіндегі м.ж. кілегейлілік* <sup>2</sup> [МПа·с]	Өндірілімділіктің 50 %-індегі 3000 МПа			
Пружиналанған клапандардың болмауы кезіндегі м.ж. кілегейлілік* <sup>2</sup> [МПа·с]	200			
Мембрана диаметрі [мм]	79	106	124	173
Мөлшерлеу ортасының температурасы [°C]	0-ден 50-ге дейін			
Қоршаған ортаның температурасы [°C]	0-ден 45-ке дейін			
Мөлшерлеу дәлдігі	± 1 %			
Дыбысты қысымның деңгейі [дБ(А)]	< 70			

\*<sup>1</sup> Қысымға қарсылыққа байланыссыз\*<sup>2</sup> М.ж. сорып алу биіктігі 1 метр**14.2 Электр жабдығының техникалық деректері**

	DME 60	DME 150	DME 375	DME 940
Ауыспалы токтың кернеуі [В]	1 x 100-240			
М.ж. тұтынылатын ток [А]	100 В барысында	1,20	2,4	
	230 В барысында	0,60	1,0	
P1 м.ж. тұтынылатын ток [Вт]	61,33		240	
Токтың жиілігі [Гц]	50-60			
Қорғаныш деңгейі	IP65			
Оқшаулаудың қызуға төзімділік санаты	В			
Жалғаушы электр кабель	H05RN-F, 1,5 м ұзындығымен, қос тілімен			

**14.3 Габаритті өлшем**

Габаритті өлшемдер 1-қосымшада келтірілген.

Барлық өлшемдер мм-де көрсетілген.

## 15. Ақаулықтың алдын алу және жою

### 15.1 Мембрананың зақымдануы

Егер мембранадан сұйықтық ағатын немесе зақымданған болса, мөлшерленетін сұйықтық дренажды штуцерден мөлшерлеу басына ағатын болады (16-сур. 9-айқ қар.).

Мембрана зақымданған жағдайда сақтандырғыш мембрана (16-сур. 1-айқ.) сорғының корпусын мөлшерленетін сұйықтықтың тиісіне қорғайды. Кристалданатын сұйықтықтарды айдау кезінде кристалдану салдарынан дренажды штуцер блокталып қалуы мүмкін.

Егер сорғының жұмысын дереу тоқтатпаса, ернемектегі мембранамен (16-сур. 3-айқ.) сақтандырғыш мембранасының (16-сур. 1-айқ.) арасында қысым көтерілуі мүмкін.

Қысым мөлшерленетін сұйықтықты сақтандырғыш мембранасы арқылы сорғының корпусына итеріп жіберуі мүмкін.

Көптеген мөлшерленетін сұйықтықтар сорғының корпусына түскен кезде, ешқандай қауіп туғызбайды. Бірақ кейбір сұйықтықтар сорғының ішкі бөліктерімен химиялық реакция туындатуы мүмкін. Ең сорақы жағдайда бұндай реакцияның салдарынан сорғының корпусында жарылыс қауіпті газдар түзілуі мүмкін.

#### **Ескертпе**

**Мөлшерленетін сұйықтықтың сорғының корпусына тиген жағдайда жарылыс қауіпі болады!**

**Зақымданған мембранамен жұмыс істеу мөлшерленетін сұйықтықтың сорғының корпусына түсуіне әкеліп соғуы мүмкін.**

**Мембрана зақымданған жағдайда дереу сорғының қорегін ағытыңыз!**

**Сорғының қайтадан кездейсоқ қосылмайтындығына көз жеткізіңіз!**

**Сорғының қорегін қоспай, мөлшерлеу басын шешіңіз және сорғының корпусының ішінде мөлшерленетін сұйықтықтық жоқ екендігіне көз жеткізіңіз. Әрі қарай**

**12.3.2 Мембрананы және клапандарды ағыту тарауындағы нұсқаулар бойынша әрекет жасаңыз.**

Мембрананың зақымдануы салдарынан қауіпті туындауын болдырмас үшін, келесі нұсқауларды басшылыққа алыңыз:

- Техникалық қызмет көрсетулерді жүйелі орындаңыз. **12.1 Жүйелі техникалық қызмет көрсету** тарауын қараңыз.
- Блокталған немесе бітелген дренажды штуцерлі сорғыны еш уақытта пайдалануға болмайды.
  - Егер дренажды штуцер блокталған немесе бітелген болса, онда **12.3.2 Мембрана мен клапандарды бөлшектеу** тарауының нұсқауына назар аударыңыз.

- Құбыршекті дренажды штуцерге жалғауға қатаң тыйым салынады. Егер дренажды штуцерге құбыршек жалғанған болса, мөлшерленетін сұйықтықтың жылыстауын анықтау мүмкін болмайды.
- Сыртқа ағып жатқан мөлшерленетін сұйықтық мүлкікті зақымдамайтынды және денсаулыққа зиян келтірмейтіндей, қажетті сақтандыру шараларын қолданыңыз.
- Мөлшерлеу басының зақымданған немесе жеткіліксіз тартылған бұрандасымен сорғыны пайдалануға қатаң тыйым салынады.

#### 15.1.1 Сорғының корпусындағы мөлшерленетін сұйықтық



##### **Ескертпе**

**Жарылыс қауіпі!**

**Дереу сорғыны қорек көзінен ажыратыңыз!**

**Сорғының қайтадан кездейсоқ қосылмайтындығына көз жеткізіңіз!**

Мөлшерленетін сұйықтықтың сорғының корпусына түскен жағдайда немесе сақтандырғыш мембранасының зақымданған немесе тозған жағдайда:

- **15.2 Жөндеу** тарауында берілген нұсқауларды басшылыққа алып, сорғыны Grundfos сервистік орталығына жөндеуге жөнелтіңіз.
- Егер жөндеу экономикалық тиімсіз болатын болса, **16. Бұйымды кәдеге жарату** тарауында ұсынылған ақпаратты басшылыққа алып, сорғыны кәдеге жаратыңыз.

#### 15.2 Жөндеу



##### **Ескертпе**

**Сорғының корпусы тек Grundfos**

**компаниясының өкілетті**

**персоналымен ашылуы тиіс!**

**Жөндеу жұмыстары тек өкілетті және білікті персоналмен орындалуы тиіс!**

**Техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстарын орындар алдында сорғыны ажыратыңыз және оны қоректен ағытыңыз!**

**Желілік кабель тек Grundfos арнайы сервистік орталықтарында айырбасталады.**

Назар аударыңыз!

Grundfos компаниясынан кеңес алғаннан кейін, маманмен толтырылған қауіпсіздік туралы декларациясымен бірге сорғыны Grundfos сервистік орталығына жіберіңіз.

Қауіпсіздік туралы декларацияны осы Нұсқаулықтың соңында табуға болады. Оны басып шығарып, толтырып және сорғыға бекітіп қойған жөн.

**Жөнелтер алдында сорғыны тазарту керек!  
Егер сорғының корпусына мөлшерленетін сұйықтықтың түсуі мүмкін деп пайымдау болатын болса, бұны қауіпсіздік декларациясында нақты көрсетіңіз! 15.1 Мембрананың зақымдануы тарауын қар.**

Назар аударыңыз

Егер көрсетілген талаптар орындалмайтын болса, Grundfos сервистік орталығы сорғыны қабылдаудан бас тартуы мүмкін. Тасымалдау шығынын жөнелтуші көтереді.

### 15.3 Ақаулықтар және оларды жою тізімі

Ақаулық	Себебі	Жою
1. Мөлшерлеп берілу тоқтатылды немесе жеткіліксіз көлемде берілуі жалғасуда.	<p>a) Клапандар ашылып кеткен немесе олар лаймен бітелген.</p> <p>b) Клапандарды құрастыру қате орындалған.</p>	<p>Клапандарды тексеру және оларды жуу.</p> <p>Клапандарды ағытып алыңыз және қайтадан орнатыңыз. Клапанның корпусындағы нұсқармен көрсетілген бағыттың берілу бағытымен сәйкестігін тексеріңіз. Құрастыру кезінде дөңгелек қиылысты тығыздағыш шығыршықтардың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.</p>
	c) Қабылдаушы клапан немесе сорып алу магистралы герметикалы емес немесе лаймен бітеліп қалған.	Сорып алатын магистральді жуу және тығыздау.
	d) Сорып алудың тым үлкен биіктігі.	Аса төмен деңгейде сорғыны орнату Сорғыға құюды жеңілдететін құралды орнатыңыз.
	e) Тым жоғары тұтқырлық.	Антикавитациялық функцияны қолдану, <i>11.7 Антикавитациялық режимі</i> тарауын қараңыз. Үлкен өлшемді тегеурінді түтікті қолдану. Сертпе асты клапанды орнату.
	f) Сорғының калибрлеу диапазоны аясынан шығуы.	Сорғыны калибрлеуді қайталау, <i>10.1 Калибрлеу</i> тарауын қараңыз.
2.Тым төмен немесе тым үлкен сорғының берілімі	a) Сорғының калибрлеу диапазоны аясынан шығуы.	Сорғыны калибрлеуді қайталау, <i>10.1 Калибрлеу</i> тарауын қараңыз
3. Сорғының тұрақсыз берілімі.	a) Клапандардың герметиксізденуі немесе олар лаймен бітеліп қалған.	Клапандарды тексеру және оларды жуу.
4. Дренажды штуцер арқылы жылыстаулар.	a) Мембрананың зақымдануы.	Мембрананы ауыстыру.
5. Мембранада үнемі жарықшақтар түзіледі.	<p>a) Мембрана штокқа тірелмегенше бұралған.</p> <p>b) Тым жоғары қысымға қарсылық (тегеурінді келте құбырда өлшенген).</p> <p>c) Мөлшерлеу бастиегінде.</p>	<p>Жаңа мембрана орнату және тіреуге дейін бұрап енгізу.</p> <p>Гидрожүйені тексеру, қажет болған жағдайда инжекторды жуып шау.</p> <p>Мөлшерлеу бастиегін жуу.</p>



## 16. Бұйымды кәдеге жарату

Бұйымның шекті күйінің негізгі критерилері мыналар болып табылады:

1. Жөндеуі немесе айырбасталуы қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамды бөліктерінің істен шығуы;
2. Пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне әкеліп соғатын жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындардың ұлғайуы.

Атаулы бұйым, сонымен қатар буындар мен бөлшектер жергілікті қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес жинастырылып кәдеге жаратылуы тиіс.

Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын жинау және өңдеу бойынша ұйымдардың қызметін пайдаланыңыз.

## 17. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

GRUNDFOS Holding A/S концерні,  
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания\*

\* нақты дайындалу елі фирмалық тақташасында көрсетілген.

Уәкілетті дайындаушы тұлға/Импорттаушы\*\*:

«Грундфос Истра» ЖШҚ  
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,  
Павло-Слободское ө/м.,  
Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:

Грундфос Қазақстан ЖШС  
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,  
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7

\*\* импорттық жабдықтарға қатысты көрсетілген.

Ресейде дайындалған жабдық үшін:

Дайындаушы:

«Грундфос Истра» ЖШҚ  
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,  
Павло-Слободское ө/м.,  
Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:

Грундфос Қазақстан ЖШС  
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,  
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.


Жабдықтың қызмет мерзімі 10 жылды құрайды.

---

Техникалық өзгерістер орын алуы мүмкін.

Приложение 1.

Габаритные размеры



TM02 7062 2503

	DME 60	DME 150	DME 375	DME 940
A = [MM]	176	176	238	238
B = [MM]	198	198	218	218
C = [MM]	331	345	471	496
D = [MM]	284	284	364	364
E = [MM]	180	180	230	230
F = [MM]	444	444	540	539
G = [MM]	41	28	31	6
H = [MM]	74	74	95	95
I = [MM]	187	187	246	246

Приложение 2.

**Декларация о безопасности насоса**

Скопируйте, заполните и подпишите этот лист и прикрепите его к насосу при возврате насоса в ремонт или для проведения технического обслуживания.

**Указание** Декларация заполняется на русском языке

Типовое обозначение (см. фирменную табличку) \_\_\_\_\_


Модель (см. фирменную табличку) \_\_\_\_\_

Дозируемая среда \_\_\_\_\_

**Описание неисправности**

Пожалуйста, отметьте на схеме поврежденные части насоса.

В случае электрической или функциональной неисправности отметьте корпус.



TM02 8957 1104

Пожалуйста, кратко опишите ошибку / причину ошибки.

Дозируемая жидкость, возможно, попала в корпус насоса.  
 Насос не должен быть подключен к источнику питания! Опасность взрыва!

Настоящим мы заявляем, что насос был очищен и полностью свободен от химических, биологических и радиоактивных веществ.

\_\_\_\_\_  
 Дата и подпись

\_\_\_\_\_  
 Печать компании

**RU**

Насосы DME сертифицированы на соответствие требованиям технического регламента «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.01118 срок действия до 20.11.2019 г.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Истра, 21 ноября 2014 г.

**KZ**

DME сорғылары «Төменвольтты құрылғылардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машиналар мен құрылғылардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігіне сертификатталған.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.01118 жарамдылық мерзімі 20.11.2019 жылға дейін.

«Сертификаттың Иванов Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» сертификация бойынша органымен берілген, 20.06.2014 жылдан № РОСС RU.0001.11АИ30 аккредитациясының аттестаты, аккредитация бойынша Федералды қызметпен берілген, мекен-жай: 153032, Ресей Федерациясы, Ивановск обл., Иваново қ., Станкостроитель көш., 1-үй; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.



Касаткина В. В.

Руководитель отдела качества,  
экологии и охраны труда  
ООО Грундфос Истра, Россия  
143581, Московская область,  
Истринский район,  
дер. Лешково, д.188

**Российская Федерация**

ООО Грундфос  
111024, Москва,  
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2,  
10 этаж, офис XXV. Бизнес-  
центр «Авиаплаза»  
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00  
Факс: (+7) 495 564 88 11  
E-mail:  
grundfos.moscow@grundfos.com

**Республика Беларусь**

Филиал ООО Грундфос в Минске  
220125, г. Минск,  
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,  
БЦ «Порт»  
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73  
Факс: +7 (375 17) 286-39-71  
E-mail: minsk@grundfos.com

**Республика Казахстан**

Грундфос Казахстан ЖШС  
Казақстан Республикасы, КZ-  
050010 Алматы қ.,  
Көк-Төбе шағын ауданы,  
Қыз-Жібек көшесі, 7  
Тел: (+7) 727 227-98-54  
Факс: (+7) 727 239-65-70  
E-mail: kazakhstan@grundfos.com





<b>98887650</b> 1015
----------------------

ECM: 1167595
--------------

The name Grundfos, the Grundfos logo, and Be think innovate are registered trademarks owned by Grundfos Holding A/S or Grundfos A/S, Denmark. All rights reserved worldwide.

© Copyright Grundfos Holding A/S